

Жыр-дария

Ұлт бірегейлігінің бір көрінісі поэзия екеніне ешкім дауласа қоймас. Сол бірегейліктің бір көрінісі Жүмекен Нәжімеденов поэзиясы десек тағы да артық бола қоймайды. Қазақ поэзиясының алтын ғасыры – ХХ ғасыр. Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін қолға қалам алған алғадай ақындар ұлт руханиятын түлетті. Сол көштің алдында қараңдай көрінетін бітімі бөлек, болмысы өзге, қазақтың көрнекті ақыны Жүмекен Нәжімеденов.



Ұлт бірегейлігінің бір көрінісіндей

Жүмекен жыры ұлттық қанық бояуға малынып, тереңдікпен шектескен. Өзіне дейінгі соқпақты жаңартып, жаңғыртқан. Ақын поэзияға соны ырғақ, ерек әуен, бөлек тіркестер мен теңеулер әкелді.

Жатыр жақпар... Қарағайды аралайды
жел ескен,

Жапырақтар, жапырақтар
сыбыр-сыбыр кеңескен.

Тау сулары таусылмады, сыңсып тұрып ағады,
Қыз толқындар бірін-бірі шымшып
күліп барады,

Айдалада ақбоз мінген Алатау бір ақ батыр,
Айналада тал-қайыңдар,
тал-қайыңдар сапта тұр.

Атақты «Алматы» өлеңі өзінен кейінгі толқынға із қалдырды. Сарыны басқа тармақтар шежірелі қаланың сипатын көз алдыңызға әкеледі. Кез келген қаламгерден із қалуы мүмкін, бірақ мектеп қалуы екіталай. Жүмекен – мектеп қалдыған ақын. Ұстыны биік шайыр тірі кезінде-ақ қадау-қадау ағалар назарына ілігіп, інілер ықыласына бөленгені сондықтан болар. Әбділда Тәжібаев Нәжімеденовтің тырнақалды туындылары туралы бірден: «Жүмекен, сөз жоқ, ешкімге ұқсамайтын, өзіндік ақындық жаратылысы, өзіндік бейнесі бар, көп ойлап, көп оқитын, көп ізденетін жас, Жүмекен – жұртшылығымызды қатты үміттендіретін ақын» деген болатын. Иә, әдебиеттің ауызы ду-

алы ақсақалдары Жүмекен мұхитының ағысын, тереңдігін әп дегеннен-ақ таныған болатын.

Алғашқы «Балауса» жыр жинағымен-ақ оқырманды елең еткізген сара талант жинақтан-жинаққа өсті. Шапқан сайын күш алған тұлпардай бірінен соң бірі іргелі жыр кітаптарын берді. Мәселен, туған жерді жырлаған «Қошалақ» өлеңіне назар салайық.

Жатырмысың, самалды сай, сырлы алап,
жусаныңнан сынап-шықтар сырғанап.
Құм-шағылдан өсіп шыққан шоқыңа,
жолаушыдай өте алмадым бір қарап.

Жыңғылыңды көлеңкелеп көз ілдім,
көз ілдім мен төсегінде сезімнің.

Саған тартқан өз ұлыңмын, өзіңмін:
тұла бойым тұтас құйған төзіммін!

Бүгінде кез келген ақын қолданар жусаннан сынап-шықтар сырғанауы, сезімнің төсегінде көз ілу, тұла бойға тұтас құйылған төзім іспетті тіркестердің алғашқы маяктары Жүмекен поэзиясынан бастау алған болатын. Иә, өлеңге енгізген сөз иесінің жаңалығы мол. Жүмекентанушы Қадыр Жүсіп: «Жүмекен поэзияның дәстүрлі төрт тақырыбында да (әлеуметтік, махаббат, табиғат, көңіл күй) қалам тербегені белгілі. Жүмекен Нәжімеденов қазақ лирикасын тақырыптық жағынан байытты, оның мазмұнын тереңдетті, пішінін жетілдірді, жанрлық жаңа белестерге биіктетті. Ол



стиль жағынан да ешкімге ұқсамаса, оның лирикалық кейіпкері де өзгеше болмыс-бітімімен дараланған. Нәжімеденов алпысыншы-сексенінші жылдардағы қазақ лирикасының шындықты терең философиялық толғаныстармен бейнелеу тәжірибесін молықтыра, байыта түсті» – деген болатын. Шынында, ақын игерген тың жетістіктер қазақ өлеңінің өрісін кеңейтіп, өресін биіктетті.

Анау келген кім болды екен,
біліп келші кім екен?
Батырлық па? – Өз төрімде күтіп алам,
түнетем.

Байлық болса қулау болар, тура қара көзіне.
Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.
Қайғы болса артында оның қуанышы
бар шығар,
бірі кірлеп, бірі жуып кеудем менің аршылар.
Бақыт болса, денем әлсіз көтере алман
(өз ойым)

арман болса өмір-бақи арқалайын, төзейін...

Телегей дарын жырының философиялық өрнектері қиыннан қиысқан, астардан туған. Ол жайдақ су секілді емес. Керісінше саябыр ағар сабырлы суға ұқсайды. Абыз Әбіш, кемеңгер Кекілбаев «Қайсарлық» атты мақаласында ақын болмысының қырларын ашып, толымды баға береді. «Нәжімеденовтің болмысқа нағыз суретшілерге тән қырағы жанармен үңілетіндігін ол қалдырған мұраны тұтас зерделеген адам бірден

аңғарып, Америка ашқандай қуанады. Оның сөзбен салған суреттері бірде француз импрессионистеріне тән тұрмыстық лиризмді, бірде Чюрлениске тән философиялық поэтизмді, бірде Сальвадор Далиге тән философиялық сюрреализмді еске салады. С.Дали сюрреализм табиғатындағы философияға жүгінсе, Ж.Нәжімеденов философия табиғатындағы туа біткен сюрреализмге көбірек ден қояды». Міне, суреткерге берілген шұңғыма дәлдік. Сюрреализм жанры Андре Бретонның манифестімен өткен ғасырдың ортасында құрылған болатын. Мұны ұлтымыздың поэзиясына там-тұмдап әкелген ақынның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығына қол соқпасқа шарамыз жоқ.

Баурай бұлты жаңа көшті баяулап,
Медеу-сайдан самал есті жаяулап.
Көкжиекке барып қапты Ай аунап,
Осы бір кез, осы бір шақ аяулы-ақ.

«Сынып түссе бір бұта, қабырғама қараймын» деген ақын даналығы табиғатпен егіз. Қайбір ұлы ақынның ішкі әлеміне үңілсек те, «шөп жапырақтарымен» «шоқ тоғайлармен» ерекше үндестік сеземіз. Жүмекен әлемінің табиғат сазын бейнелеудегі суреткерлік қуаты жоғары.

Қорыта айтқанда, Жүмекен Нәжімеденов мұрасы – ұлтымыздың бай қазынасы. Бұл қазына ғасырлар керуенімен алға адымдай берері сөзсіз.

Тортай ҮСЕН